

**Маңғыстау облыстық мәслихаты мен Маңғыстау облысы әкімінің бірлескен шешіміне, кейбір Маңғыстау облысы әкімдігінің қаулылары мен Маңғыстау облыстық мәслихатының шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы**

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 148 қаулысы және Маңғыстау облыстық мәслихатының 2015 жылғы 21 мамырдағы № 25/390 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 26 маусымда № 2749 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және облыстық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы қаулының және шешімнің қосымшасына сәйкес Маңғыстау облыстық мәслихаты мен Маңғыстау облысы әкімінің бірлескен шешіміне, кейбір Маңғыстау облысы әкімдігінің қаулылары мен Маңғыстау облыстық мәслихатының шешімдеріне **ө з г е р і с т е р е н г і з і л с і н .**

2. Маңғыстау облыстық мәслихаты аппаратының басшысы (Д.Сейбағытов) осы қаулының және шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми **ж а р и я л а н у ы н қ а м т а м а с ы з е т с і н .**

3. Осы қаулының және шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары **Р . М . Ә м і р ж а н о в қ а ж ү к т е л с і н .**

4. Осы қаулы және шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он **к ү н ө т к е н с о ң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .**

*Облыс әкімі*

*А. Айдарбаев*

*Сессия төрағасы*

*Х. Нұрғалиева*

Маңғыстау		облысы	әкімдігінің
2015	жылғы	21	мамырдағы
№	148	қаулысына	және
Маңғыстау		облыстық	мәслихатының
2015	жылғы	21	мамырдағы
№	25 / 390		шешіміне

Қ О С Ы М Ш А

**Маңғыстау облыстық мәслихаты мен Маңғыстау облысы әкімінің бірлескен шешіміне, кейбір Маңғыстау облысы әкімдігінің қаулылары мен Маңғыстау облыстық мәслихатының шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің тізбесі**

1. Маңғыстау облыстық мәслихаты мен Маңғыстау облысы әкімінің 2001 жылғы 25 желтоқсандағы № 16/152 «Маңғыстау ауданының Шебір селолық округін құру туралы» бірлескен шешімінде (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 651 болып тіркелген) :

тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша «селолық», «селосының» деген сөздер тиісінше «ауылдық», «ауылының» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Маңғыстау облыстық мәслихатының 2005 жылғы 6 желтоқсандағы № 13/233 және Маңғыстау облысы әкімдігінің 2005 жылғы 29 қарашадағы № 319 «Бейнеу, Маңғыстау және Түпқараған аудандарының халық аз қоныстанған кейбір елді мекендерін жақын орналасқан селолық елді мекендердің құрамына енгізу туралы» шешімі мен қаулысында (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1935 болып тіркелген, «Маңғыстау» газетінде 2006 жылғы 17 қаңтарда жарияланған) :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Бейнеу, Маңғыстау және Түпқараған аудандарының халық аз қоныстанған кейбір елді мекендерін жақын маңдағы ауылдық елді мекендердің құрамына енгізу туралы»;

1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Бұдан әрі есеп деректерінен шығарылып, облыстың халық аз қоныстанған мына ауылдық елді мекендері жақын маңдағы ауылдық елді мекендердің құрамына енгізілсін :

- 1) Бейнеу ауданы бойынша:  
Қызылту – Ақжігіт ауылдық елді мекеніне;  
Сарша – Сыңғырлау ауылдық елді мекеніне;
- 2) Маңғыстау ауданы бойынша:  
Сауысқан – Ұштаған ауылдық елді мекеніне;  
Өгізөреулі – Жармыш ауылдық елді мекеніне;
- 3) Түпқараған ауданы бойынша:  
Қаңға – Қызылөзен ауылдық елді мекеніне.».

3. Маңғыстау облыстық мәслихатының 2006 жылғы 30 наурыздағы № 15/258 және Маңғыстау облысы әкімдігінің 2006 жылғы 15 наурыздағы № 80 «Сайөтес селолық округінің құрамына Боздақ селосын құру және оны Маңғыстау ауданы бойынша елді мекендер тізіміне енгізу туралы» шешімі мен қаулысында (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1943 болып тіркелген, «Маңғыстау» газетінде 2006 жылғы 13 мамырда жарияланған):

тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша «селолық», «селосын», «селосы» деген сөздер тиісінше «ауылдық», «ауылын», «ауылы» деген сөздермен ауыстырылсын.

4. Маңғыстау облыстық мәслихатының 2006 жылғы 28 шілдедегі № 16/288 және Маңғыстау облысы әкімдігінің 2006 жылғы 31 мамырдағы № 188 «Бейнеу ауданының Ақжігіт селолық округінің құрамында Тәжен аулын құру туралы» шешімі мен қаулысында (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1953 болып тіркелген, «Маңғыстау» газетінде 2006 жылғы 7 қыркүйекте жарияланған):

тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша «селолық», «селосымен» деген сөздер тиісінше «ауылдық», «ауылымен» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы шешім және қаулы мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.».

5. Маңғыстау облыстық мәслихатының 2006 жылғы 28 шілдедегі № 16/289 және Маңғыстау облысы әкімдігінің 2006 жылғы 24 шілдедегі № 239 «Өмірзақ кентін «ауыл (село)» санатына жатқызу туралы» шешімі мен қаулысында (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1954 болып тіркелген, «Маңғыстау» газетінде 2006 жылғы 7 қыркүйекте жарияланған):

көрсетілген шешімнің және қаулының тақырыбында, кіріспесінде және 1-тармағында:

мемлекеттік тілдегі мәтінде «(село)» сөзі алынып тасталсын;

орыс тіліндегі мәтінде «аул (село)» деген сөздер «село» деген сөзбен ауыстырылсын.

6. Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 8 қазандағы № 2/16 және Маңғыстау облысы әкімдігінің 2007 жылғы 5 қазандағы № 327-1 «Маңғыстау ауданының Отпан селолық округін құру туралы» шешімі мен қаулысында (

Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1982 болып тіркелген, «Маңғыстау» газетінде 2007 жылғы 8 қарашада жарияланған): тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша «селолық» деген сөз «ауылдық» деген с ө з б е н а у ы с т ы р ы л с ы н .

7. Маңғыстау облыстық мәслихатының 2007 жылғы 11 желтоқсандағы № 3/29 және Маңғыстау облысы әкімдігінің 2007 жылғы 30 қарашадағы № 447 «Бейнеу ауданының Қызыләскер селосын Сам селосы деп атау туралы» шешімі мен қаулысында (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1997 болып тіркелген, «Маңғыстау» газетінде 2008 жылғы 26 ақпанда жарияланған):

тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша «селосын», «селосы» деген сөздер «ауылын», «ауылы» деген сөздермен ауыстырылсын.

8. Маңғыстау облыстық мәслихатының 2008 жылғы 12 ақпандағы № 4/54 және Маңғыстау облысы әкімдігінің 2008 жылғы 17 қаңтардағы № 29 «Бейнеу ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы» шешімі мен қаулысында (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2002 болып тіркелген, «Маңғыстау» газетінде 2008 жылғы 18 наурызда жарияланған):

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ақжігіт ауылдық округінің құрамынан жалпы көлемі 13 000 га аумақты Тәжен ауылын шығара отырып, шекарасы өзгертілсін.»

9. Маңғыстау облыстық мәслихатының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 10/125 және Маңғыстау облысы әкімдігінің 2008 жылғы 28 қарашадағы № 2207 «Мұнайлы ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы» шешімі мен қаулысында (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2036 болып тіркелген, «Маңғыстау» газетінде 2009 жылғы 24 қаңтарда жарияланған):

бүкіл мәтін бойынша «селосының», «селолық» деген сөздер «ауылының», «ауылдық» деген сөздермен ауыстырылсын.

10. Маңғыстау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 5 желтоқсандағы № 308 және Маңғыстау облыстық мәслихатының 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 7/82 «Қарақия ауданының Болашақ селолық округін құру туралы» қаулысы мен шешімінде (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2195 болып тіркелген, 2013 жылғы 19 қаңтарда «Маңғыстау» газетінде жарияланған):

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қарақия ауданының Болашақ ауылдық округін құру туралы».